

Тақырыбы:
**«Өнертапқыштыққа
алғашқы қадам»**

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам»

Мақсаттары:

1.Тәрбиелік : ұқыптылыққа тәрбиелеу.

2.Дамытушылық : үй құрастыру арқылы үйдің бір және бірнеше қабатты түрлерімен және олардың бөліктерімен таныстыру

Педагогикалық технологиялар: денсаулық сақтау технологиясы, ойын әдісі, сұрақ – жауап, көрсету және түсіндіру.

Ресурстармен қамтамасыз ету: конструкторлар, текшелер

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы

1.Ұйымдастырушылық кезеңі:

Сұрақ жауап арқылы балалармен әңгімелесу.

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Ауа-райы қандай?

Тосын сәт: Бөлмеге хат байлаған шар ұшып келеді.

-Бұл хатта не жазылған екен. Оқып көрейік

«Қымбатты балалар сендерге хат жазып отырған аңдар. Бізге үйлер салуға көмектесіндерші. Біз оны тұрғызғанбыз, бірақ ол қайта –қайта құлап, бұзыла береді.-

- Балалар,аңдарға көмектесеміз бе?

2.Негізгі бөлім/оснавная часть:

Алдын ала балаларды қала көшелеріне мақсатты серуенге немесе саяхатқа апарып, басталғанда серуенде көргендері жайлы әңгімелесу.

-Балалар, қазір біз сендермен үйлерді конструктордан құрастырамыз. Ол үшін бізге конструкторлар керек.

Суретпен жұмыс: -Балалар, Үйдің әрбір бөліктеріне мұқият қараймыз, конструкторды қалай орналастыруға болатынын ойланамыз. Бір немесе көп қабатты үйлер құрастыруға болады, олардың бір-бірінен ерекшелігі болады.

-Балалар, үйлер қандай және нелері болады?

-Балалар денемізді бір сергіп алайық, шаршаған шығармыз

Сергіту сәті:

Ұзын құлақ сұр қоян

Естіп қалып сыбдырды

Ойлы –қырлы жерлермен

Ытқып –ытқып жүгірді.

-Ал енді балалар үй құрастыруға кірісейік

Балалардың еңбек нәтижесіне жетудегі іс-әрекетіне басшылық жасап, бағыт беру. Үй тұрғызуда қиындық кездессе, кейбір балаларға нұсқау беру. Тапсырманы орындау барысында балалардың тек қана құрылысты жасау техникасы ғана емес ұсынылған

Жұмсақ модуль: «Үй құрастыр»

Шарты: Балалар, алдарында тұрған кубиктардан үй құрастырады. Ойын әрі қарай жалғаса береді.

Балалар рахмет сендерге. Аңдар қатты қуанатын болды.

3.Қорытынды:

Сұрақ – жауап арқылы ұйымдастырылған оқу қызметін қортындылау

Балаларды мадақтау.

